

Қазақ тілі–мемлекеттік тіл

Мемлекеттік тіл - тәуелсіз елдің негізгі рәміздерінің бірі. Тіл адамдардың қарым-қатынас құралы болғандықтан, ол сөйлеу әрекетінің арқауы болып табылады. Тіл - ұлтпен - ұлтты татуластыратын ерекше қатынас құралы. Адам тіл арқылы бір-біріне қатынаса алады. Қазіргі заман жеке адамдардың ғана емес, тұтас ұлттардың да өткеніне үңіліп, бүгінгісін бажалап, болашағын бағдарлауға жол ашты. Қазақ халқы бар тарихын көшіп жүріп өткізсе де, «батпаққа батырмай, құмға шашпай, жұртында қалдырмай, шыбындыға алдырмай», барлық жиган тіл байлығын, күй мен жырын бізге жеткізді. Еліміз өз егемендігін алып, іргесін кеңге жайған замандамыз. Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәнінде мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, елімізді «Қазақ мемлекеті»- деп атайтын боламыз. Мемлекеттік тіл тәуелсіздігіміздің жырын жырлап, бұғанасын бекітіп, қанатын қатайтты. Тілдің беделін көтеру, оның арын арлап, жоғын жоқтау, олқысын толтыру өз қолымызда, сіз бен біздің қолымызда.

(118 сөз)

<http://www.adilet.gov.kz>

1. Мәтіннің негізгі идеясын табыңыз.

- A) Болашақ туралы
- B) Елбасы туралы
- C) Мемлекеттік тіл туралы
- D) Тәуелсіздік туралы

2. Мәтіннің түрін ажыратыңыз.

- A) әңгіме
- B) мақала
- C) сұхбат
- D) ертегі

3. Мәтін мазмұнына сай 2 тұжырымдарды «+» белгісімен белгіле.

1.	Тіл ұлтпен - ұлтты татуластыратын ерекше қатынас құралы.	
2.	Адам тіл арқылы бір-бірімен қатынаса алмайды	
3.	Мемлекеттік тіл тәуелсіздігіміздің жырын жырлап, бұғанасын бекітіп, қанатын қатайтты	
4.	Тілдің беделін көтеру, оның арын арлап, жоғын жоқтау, олқысын толтыру өз қолымызда емес.	

4. Төмендегі мақал-мәтелдердегі түсіп қалған сөздерді орналастырыңыз:

Ел, ғана, көпірі

- Тіл мәртебесі- мәртебесі
- Тіл –достықтың
- Әрбір халық өзінің ана тілінде бақытты

5. Төмендегі сөйлемдерден терминдер мен неологизмдерді тауып, олармен сөйлемдер құрастырыңыз.

- Балалар саябақта демалып жүр .
- Синтаксис – сөйлемнің құрлысын зерттейтін сала.
- География сабағында глобусты пайдаландық.